

^{*1}Дюсенова Н.К.  ²Ошан Жанымхан 
^{1,2} Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
E-mail: ¹ nur_sulu18@mail.ru, ² zhan918@mail.ru

ҰЛТ ТРАГЕДИЯСЫ ЖӘНЕ ШЕКАРАЛАС КӨШІ-ҚОН: 1930-ЖЫЛДАРЫ ШЫНЖАҢҒА АУҒАН ҚАЗАҚТАР

Аңдатпа. Жұмыстың басты мақсаты – 1931–1933 жылдардағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі тарихи оқиғаларды куәгерлердің, олардың ұрпақтарының және қазақ диаспорасы өкілдерінің естеліктері мен деректері арқылы зерделеу, жаңа архивтік және ауызша деректерді ғылыми айналымға енгізу. Зерттеу әдістері – сауалнама және сұхбат жүргізу әдісі, архивтік зерттеу әдісі, әдеби-сын және тарихи дереккөздерді талдау әдісі, цифрландыру және деректер базасын құру әдісі және салыстырмалы зерттеу әдістері арқылы қытай тіліндегі еңбектері зерттеу. Зерттеудің жаңалығы – 1931–1933 жылдардағы ашаршылық кезінде Қытайға қоныс аударған қазақтардың ұрпақтарымен жүргізілген сұхбаттар мен архивтік деректерді ғылыми айналымға енгізуі болып табылады. Қытай архивтік деректерін талдау әкімшілік құжаттар, шекаралық бақылау мен миграциялық есептер босқындардың көші-қоны мен өмір сүру жағдайын айқындайды. Өңірлік тарихи байланыстарды нақтылау Қазақстан мен Қытай арасындағы тарихи-этникалық және шекаралық қатынастарды жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Қазақ тіліндегі мерзімді баспасөзді пайдалану 1930–1950 жылдардағы қоғамдық пікір мен ақпараттық кеңістік зерттеледі. Трансмемлекеттік тарихи тәжірибе Қытайға қоныс аударған қазақтардың ашаршылық кезіндегі өмір сүру, мәдениет пен дінді сақтау стратегиялары трансұлттық тарихи үдерістер тұрғысынан қарастырылады. Зерттеу нәтижелерінде - Ашаршылық кезеңіне қатысты жаңа архивтік және ауызша деректер ғылыми айналымға енгізілді; Ашаршылық құрбандары ұрпақтарының естеліктері мен тарихи куәліктерлер берген сұхбаты пайдаланылды; Қазақстан мен көршілес елдер арасындағы тарихи-этникалық байланыстар нақты деректермен толықтырылды.

Алғыс: «Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы жаппай ашаршылық куәгерлерінің және олардың ұрпақтарының естеліктер сериясын дайындау».

Кілт сөздер: Қазақ, ұжымдастыру, ашаршылық, босқын, Қытай, Шынжаң, ашаршылық куәгерлері ұрпақтары.

Кіріспе

1931–1933 жылдардағы ашаршылық – Қазан төңкерісінен кейінгі кеңестік саяси-әлеуметтік реформалардың, әсіресе ұжымдастыру науқанының нәтижесінде туындаған Қазақстан тарихындағы аса ауыр әрі қайғылы кезең. Бұл трагедия ұлт санасында «Ұлы жұт», «Ашаршылық», «Нәубет», «Зобалаң», «Зұлмат» деген атаулармен сақталып, кеңестік тоталитарлық жүйенің ең қасіретті беттерінің бірі ретінде мәңгілікке жазылды.

Ашаршылық тарихы – Отан тарихының әлі де терең зерттеуді және шынайы бағасын беруді қажет ететін «ақтаңдақ» тұстарының бірі. Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тарихын ұлттық мүдде тұрғысынан қайта зерделеуге мүмкіндік туды. Осы бағытта XX ғасырдағы ашаршылықтың себеп-салдарын зерттеп, оған жаңаша көзқараспен баға беру мәселесі қойылды. 1991 жылдан бастап кеңестік кезеңдегі оқиғалар, әсіресе саяси қуғын-сүргін және *Ашаршылыққа* қатысты тың зерттеулер жүргізіліп, мерзімді басылым беттерінде куәгерлердің естеліктері жариялана бастады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Сауалнама және сұхбат жүргізу әдісі: Қазақстанның барлық облыстары мен республикалық маңызы бар қалаларында аға буын өкілдерімен сауалнама және терең сұхбат жүргізу; Ашаршылық кезеңінің тікелей куәгерлері мен олардың ұрпақтарының естеліктерін жинау; Қазақ диаспорасы өкілдері арасындағы мәжбүрлі босқындардың ұрпақтарымен сұхбаттасу арқылы ауызша куәліктерді тіркеу. *Архивтік зерттеу әдісі:* мемлекеттік, облыстық, ведомстволық ашаршылыққа қатысты ресми құжаттар, статистикалық мәліметтер, партиялық нұсқаулар, баяндамалар мен дереккөздерді жинау және талдау; Жеке тұлғаларға тиесілі естеліктер, күнделіктер, мемуарларды жүйелеу. *Әдеби-сын және тарихи дереккөздерді талдау әдісі:* 1931–1933 жылдардағы ашаршылық туралы отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттер мен жарияланған деректерге тарихи-сыни талдау жасау; Мәселенің зерттелу деңгейін, қолданылған тәсілдерді, интерпретацияларын салыстыру арқылы ғылыми пайымдаулар жасау. *Цифрландыру және деректер базасын құру әдісі:* Ауызша тарих материалдарын (аудио, бейне) және визуалды деректерді (фото, құжаттар) өңдеп, сандық форматқа көшіру; Ашаршылық туралы мәліметтерді қамтитын цифрлық ақпараттық-талдамалық деректер базасын қалыптастыру және жүйелі түрде толықтыру. Осы әдістер мен материалдар жиынтығы 1931–1933 жылдардағы ашаршылықты кешенді әрі объективті түрде зерделеуге мүмкіндік береді.

Талқылау

Ұжымдастыру саясатынан туындаған ашаршылыққа қатысты ел ішінде болған бұл кезеңде Қазақстан халқы жаппай ашаршылыққа, күштеп қоныс аударуға, зорлық-зомбылыққа және саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Ашаршылық ауыл еңбеккерлері мен қала тұрғындарының миллиондаған өмірін жалмап, ұлт жадында терең із қалдырды.

Кеңестік қуғын-сүргін саясатының ауыр зардабы архив құжаттарында сақталғанымен, оның салдары миллиондаған қазақстандық отбасылардың ұрпақтық жадында қаралы бет ретінде жазылды. Сталиндік тоталитарлық жүйе жылдары «халық жауы», «ұлтшыл», «Отан сатқынының туысы» деген жалған айыптар тағылып, көптеген адамдар тарихи әділеттілікке тек бірнеше онжылдықтан кейін ғана қол жеткізе алды.

1920 жылдардың соңы мен 1930 жылдардың басындағы кеңестік мемлекеттің тоталитарлық саясатының тарихын құрбандар мен Ашаршылық ұрпақтарының естеліктері негізінде зерттеу, кулак пен бай мүлкін тәркілеу жүргізілген кезеңдегі қуғын-сүргінге ұшыраған халық туралы архивтік құжаттар негізінде, республика халқының басына түскен трагедияға әкелген бұл мәселе әлі де болса Қазақстанның қазіргі тарих ғылымындағы өзекті бағыттардың бірі.

1920–1930-жылдары большевиктік саясаттың қисынсыздығын және оның зардаптарын көрсетуге ұмтылған ұлт зиялылары мен қоғам қайраткерлерінің болғандығы белгілі. Мәселен, Тұрар Рысқұлов Көк теңізді жағалай қонған жетісулықтардың басына түскен алапат аштық пен «қызыл табан шұбырындының» – босқыншылықты ОГПУ деректеріне сүйене отырып, былай деп жазған еді: «... Балқаш ауданында (Жергілікті ОГПУ мәліметі бойынша) 60 мың халық тұратын еді, 12 мыңы көшіп кетті, 36 мыңы қаза тапты, қалғаны 12 мың ғана адам. Қаратал ауданында былтырғы қыста күшпен қоныс аударған үш ауылдың тең жарым халқы аштан қырылып қалды. Сол ауданда (ОГПУ мәліметіне сәйкес) желтоқсан айы және қаңтардың алғашқы 10 күнінде (1933 ж.) 569 адам аштықтан өлген. Нақтылай түссем, Үштөбе станциясы, Қараталқұрылыс пен күріш совхозының алаңқайында 300-ден аса адамның мәйіті жатыр...» (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 6403-іс.).

Алғаш рет АҚШ-тың Колумбия университетінің тарих профессоры Алан Невинс өткенді қалпына келтіру үшін естеліктерді жинау идеясын 1932 жылы «Гровер Кливленд: Батылдықты зерттеу» (Grover Cleveland: A Study in Courage) кітабының кіріспесінде көрсетіп кетті (Nevins, 1932: 832).

Өкінішке қарай, кеңестік кезеңде 1931–1933 жылдардағы алапат аштық «жабық» тақырыптардың бірі болды. Атап өту қажет, Кеңес Одағы тұсында ашаршылық мәселелерін зерттеу идеологиялық себептерге байланысты тарихшылар тарапынан іс жүзінде жүргізілмеді. Қазақстанда тек қайта құру кезеңінде республика ғалымдары сталинизм кезеңіндегі ашаршылық, жаппай саяси қуғын-сүргін тақырыбын зерттеуді бастауға мүмкіндік алды. Бұл тақырыпты зерттеуді бастаған ғалымдар: Ж.Б. Әбілхожин, М.К. Қозыбаев, М.Б. Тәтімов (Абылхожин, Қозыбаев, Татимов, 1989: 53-71).

1992 жылы республика жетекші тарихшыларының «Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства» атты еңбегі жарияланды (Қозыбаев, Абылхожин, Алдажуманов, 1992: 36). Бұл еңбек Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Комиссиясының 1930 жылдардағы ашаршылық, коллективтендіру, жаппай саяси репрессиялар трагедиясын зерттеу жөніндегі қорытындысын әзірлеуде маңызды рөл атқарды. Аталған ғалымдар зерттеулердің бағытын анықтап, ашаршылықтың себептерін ашты. Дегенмен, Қазақстан тәуелсіздігінің бастапқы кезеңінде көптеген архивтердің құпия қорлары, бірегей құжаттар кең көлемде зерттеушілерге әлі де жабық болды.

Жоғарыда аталған ғалымдар зерттеу бағытының ғылыми бағыт-бағдарын айқындап, ашаршылықтың себептерін тереңінен ашып көрсетті.

Ашаршылықтың демографиялық қырлары академик М.Б. Тәтімовтің зерттеу еңбектерінде арнайы қарастырылды. Ол 1932–1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарының санын 1750 мың адам деп көрсетеді (республикадағы барлық қазақтардың 42%-ы) (Татимов, 1989: 128). Х.К. Асылбеков пен А.Б. Ғалиев сияқты ғалымдар ашаршылықтан болған өлім-жітім бойынша ұқсас сандарды келтіреді – 1745 мың адам (Асылбеков, Ғалиев, 1991: 192). КСРО ыдырағаннан кейін аштықтан қаза тапқандар санына қатысты деректер отандық және шетелдік зерттеушілердің талқылауына түсті. Ғалымдар бұл трагедияның ауқымын, аштықтың себептерін және оның құқықтық аспектілерін қарастырғанын айта кету керек.

Ресейлік зерттеуші Г.Е. Корнилов 2023 жылы жарық көрген «Голод в Казахской АССР в 1930-е годы: историографический дрейф» атты мақаласында аштық тарихына қатысты негізгі зерттеулерге талдау жасап, шетелдік, қазақстандық және ресейлік ғалымдардың келтірген статистикалық деректерін қамтитын жинақталған үлкен кестені ұсынады (7, Корнилов 2023: 99-121). Г.Е. Корнилов өз мақаласында 2021 жылғы ақпанда Ұлттық академиялық кітапханада айтылған қазақстандық ұстанымды да атап өтеді, онда «Сенат спикері М. Әшімбаев Қазақстан билігінің көзқарасын білдіріп: «Ашаршылық – бұл тек қазақ халқы ғана емес, бұрынғы Одақ құрамындағы барлық елдер үшін болған үрейлі гуманитарлық апат» деп атап өтіп, сол себепті *Ашаршылық* мәселесіне, ең алдымен, ғылыми тұрғыдан қарап, бұл мәселені саясиландырмау керек», – деді (Корнилов, 2023: 103).

1930-1932 жылдардағы қазақ халқының ашаршылық тақырыбы шетелдік ғалымдар Н.Пьянчиола, R. Conquest, М. Олкотт, С. Камерон, С. Уиткрофт еңбектерінде де көрініс тапқан (Pianciola, 2004: 137–192; Conquest, 1986: 306; Olcott, 1981: 122-142; Cameron, 2010; Wheatcroft, 2014: 178-190). Америкалық тарихшы Сара Камеронның мына пікіріне келіспеуге болмайды: «1930–1932 жылдардағы қазақ ашаршылығы — кеңестік тарихты түсіну үшін ғана емес, жаппай зорлық-зомбылықты зерттеу мен ашаршылықтың басқа мысалдарымен салыстырмалы талдау жүргізу тұрғысынан да маңызды. Бұл дағдарыс Батыста тым аз белгілі: кеңестік кезеңге арналған негізгі шолулар қазақ трагедиясын тек шет жағын ғана атайды; ал қазақ ашаршылығы XX ғасырдағы жаппай зорлық-зомбылықты қамтитын жинақтарда сирек кездеседі» (Камерон, 2020: 360). Сара Камеронның бұл тұжырымы объективті негізге ие, себебі ашаршылықтың барлық қырлары толық ашылып, жан-жақты зерттелді деп айтуға әлі ерте.

Белгілі тарихшы Т. Омарбековтың елеулі үлесіне «Голодомор в Казахстане: причины, масштабы и итоги (Омарбеков, 2011: 203) және «Ашаршылық. Голод. Документальная хроника. 1928–1934 гг.» (Омарбеков, 2021: 920) атты үш томдық құжаттар жинағында

аштыққа қатысты құжаттардың кең көлемде қамтылуына қарамастан Қазақстандағы аштық пен шаруалар трагедиясының тарихын ашатын архивтік дереккөздер толықтырылып жатқанымен, бұл тақырыпта әлі де елеулі «ақтаңдақтар» бар. Атап айтар болсақ 1930–1933 жылдардағы аштық кезеңіне қатысты жаңа архивтік құжаттар, аштық құрбандары мен олардың ұрпақтарының естеліктері ғылыми айналымға енгізілмеген, сондай-ақ аштықтың салдары – халықтың көшіп-қонуы мен миграциясы толық зерттелмеген, тастанды балалар мен жетімдердің мәселесі, ұжымдастырудың аймақтық ерекшеліктері мен қырлары, республиканың аштықтан шығу жолдары, ашаршылық құрбандары мен олардың ұрпақтарының естеліктеріндегі тарихи оқиғалардың көрінісі және басқа да көптеген мәселелер.

1930-жылдардағы ұжымдастыру, ашаршылық, көшіп-қону және қуғын-сүргін тарихын зерттеу – Отан тарихына жаңа дереккөздерді ғылыми айналымға енгізуге, зардап шеккендер мен қуғын-сүргінге ұшырағандардың ұрпақтарының естеліктерін жинауға мүмкіндік береді. *Ашаршылық* мәселелерін зерттеуде куәгерлер мен олардың туыстарының естеліктерін, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалаларды пайдалану маңыздылығы, Интернет-басылымдарды қоса алғанда, деп жазады тарихшы А.Т. Абдулина «Воспоминания очевидцев о голоде 1930-х гг. в Казахстане: вопросы источниковедения и отражение повседневности» атты мақаласында (Абдулина, 2021: 92-100.).

Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы жаппай ашаршылық куәгерлерінің және олардың ұрпақтарының естеліктер сериясын дайындау жобасы аясында жүргізілген зерттеулер отандық тарихшыларға осы ауыр кезеңнің әртүрлі қырларын тереңірек зерделеуге мүмкіндік беріп отыр. Жоба шеңберінде ашаршылықтың куәгерлері мен олардың ұрпақтарынан жиналған сұхбаттар арқылы ұжымдастыру, қуғын-сүргін және аштықтың ауқымы жөніндегі көрініс айтарлықтай толықтырылуда. Бұл жобаның ғылыми нәтижелері 1930–1933 жылдар аралығындағы республикамыз тарихының ерекшеліктері мен жаңа фактілерін еліміздің барлық өңірлері бойынша ашуға септігін тигізуде.

Қазіргі таңда алынған алғашқы нәтижелердің өзі отандық ғалымдардың бұл бағыттағы ғылыми болжамдарының негізділігін дәлелдей бастады. Сұхбаттар барысында 1931–1933 жылдардағы аштық кезінде Қытайға үдере көшкен қазақтар сонда ертеректе қоныстанған руластары мен туыстарының көмегімен аман қалғанын айтады. Олар шет елдегі ағайындарының қол ұшын бергенін жиі еске алады.

Сол сияқты, Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы Нарынқол мен Кеген аудандарының тұрғындары көрші қырғыз ағайындардың көрсеткен көмегін ерекше атап өткен (1930–1933 жылдардағы ашаршылық, 2024: I том. 2024; II том, 2024). Ал Солтүстік Қазақстан, Көкшетау және Ақмола облыстарының тұрғындары ашаршылық жылдары көршілес Ресей Федерациясы жеріне өтіп, сол жақтағы туыстарының арасында өмір сүріп, кейін елге оралғанын әңгімелейді.

Өткен ғасырдың 20–30 жылдары жүргізілген «ұжымдастыру» мен «отырықшылықтандыру» саясаты қазақ халқы үшін ауыр апатқа айналды. 1926 жылы Кеңес Одағында жүргізілген халық санағының нәтижесінде, қазақстандықтардың 38,5 пайызы мал шаруашылығымен айналысқаны, ал 33,2 пайызы егіншілікпен қатар жартылай мал шаруашылығын қосымша кәсіп еткендігі анықталды. Қазақ халқының тек 10 пайызы ғана бұрынғы көшпелі өмір салтын ұстанып келген. Бұл мәліметтерге сүйенсек, сол кездегі Қазақстан халқының төрттен бірі отырықшы егіншілікпен, үштен екісі жартылай көшпелі өмірмен күн кешкен.

1928 жылы Сталин ауыр өнеркәсіпті дамытуға басымдық беріп, ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыруды бастады. Кеңес үкіметі ұлттық мәдени дәстүрлері бар көшпелі және жартылай көшпелі халықтарды қысқа уақытта отырықшыландыруды көздеп, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру жөнінде шешім қабылдады. Осыған сәйкес, 1929 жылы Қазақстанда ұжымдастыру ісі қарқынды жүргізіле бастады. 1930 жылдың қаңтарында

Орталық Комитет отырықшыландыруды жаппай жүзеге асыру туралы шешім шығарды және оны бірінші бесжылдық жоспарға енгізді.

Нәтижесінде, 1930 жылдың наурызында егіншілік және мал шаруашылығымен айналысатын халықтың 56,6 пайызы ұжымдастырылса, 1931 жылдың қыркүйегінде бұл көрсеткіш 60,8 пайызға жетті. Бірінші бесжылдық кезінде Қазақстандағы 566 мың көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтың 544 мыңы отырықшылыққа көшірілді. Бұл үрдіс халықтың әлеуметтік-экономикалық құрылымын түбегейлі өзгертумен қатар, олардың дәстүрлі өмір салтына да орасан зор зиян келтірді.

Қазақстанда жүргізілген жаппай ұжымдастыру мен отырықшыландыру саясаты ешқандай ғылыми-теориялық негізге де, нақты экономикалық алғышарттарға да сүйенбеді. Бұл науқан негізінен жоғарыдан күштеп енгізілді және табиғи-әлеуметтік ерекшеліктері мүлде ескерілмеген еді. Мыңдаған жылдар бойы көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын ұстанып келген қазақ халқы үшін бұл реформалар тосын әрі терең күйзеліс тудырды.

Халық дәстүрлі тіршілік ету формасынан – мал шаруашылығынан айрылып, өмір сүруінің негізгі көзінен жұрдай болды. Ұжымдастыруға жедел әрі күшпен көшу олардың әлеуметтік-экономикалық бейімделуін тежеді. Колхоздарға біріктірілген малға дұрыс күтім мен бақылау жасалмады, мал азығының жетіспеушілігі, шаруашылықты басқарудағы тәжірибесіздік пен ұйымдастырудағы олқылықтар салдарынан мал басы күрт азайды. Бұл жағдай халықты ашаршылық пен қайғы-қасіретке жеткізді.

1930 жылдардағы Қазақстандағы ұжымдастыру науқанының салдары аса ауыр болды. Тек 1930 жылы ғана 2,3 миллион ірі қара мен 10 миллион қой қырылып, жалпы мал санының 35 пайызы жойылды. Егер 1929 жылы республикада 40,5 миллион мал болса, 1933 жылдың 1 қаңтарына қарай бұл көрсеткіш бар-жоғы 4,5 миллионға дейін кеміді. Мал шаруашылығының күйреуі – көшпелі тұрмыс пен экономикаға тікелей соққы болып тиді.

Өндірістегі техникалық ақауларды да уақытында шешу мүмкін болмады. «Жедел түрде отырықшыландыру» науқаны әлеуметтік дағдарыстарды ушықтырып, халықтың дәстүрлі өмір салтын күйретті. Қоғамдық прогрестің табиғи заңдылықтары ескерілмей, зорлық-зомбылық әдістері үстемдік етті. Соның салдарынан миллиондаған қазақ аштықтан, аурудан зардап шегіп, босып кетті. Бұл қолдан жасалған қасірет – кеңестік биліктің экономикалық және саяси саясатындағы өрескел қателіктердің нәтижесі болды. Осылайша, 1930 жылдардың басында қазақ халқы алапат ашаршылық пен жаппай босқыншылыққа ұшырады. Бұл тарихи кезеңді әділ түрде «XX ғасырдағы ақтабан шұбырынды» деп атауға толық негіз бар.

Көрсетілген жылдары *Ашаршылық* құрбандары болған халықтың саны 1798,4 мың адам болып, сол кездегі қазақтың 46,8 пайызын құрағаны айтылады. Қатысты мағлұматтар бойынша 1929-1933 жылдары миллионға жуық адам Қазақстаннан ауып, Қытайға, Ауғанстанға, Иранға және т.б. елдерге көшіп кеткені және олардың 600 мыңы тарихи отанына оралмағаны айтылады. Қазақстандағы 1930 жылдардағы ашаршылықтың көлемі мен зардабы туралы мәселе әлі күнге дейін тарихшылар арасында пікірталас тудырып келеді. Архивтік деректер мен статистикалық мәліметтерге негізделген ресми сандармен қатар, кейбір ғалымдар бұл көрсеткіштердің бұрмаланғанын және нақты жағдайдан әлдеқайда төмен көрсетілгенін айтады.

Белгілі тарихшы Талас Омарбек бұл мәселе жөнінде: «Босқындар санын толығырақ көрсету үшін шетелге кеткен қазақтардың нақты санын анықтап алуымыз керек. Бұл мәселе осы уақытқа дейін бұрмаланып келгенін де ескерген жөн», – деп атап өтеді. Оның айтуынша, кей зерттеулерде ашаршылық салдарынан шетелге кеткен босқындардың саны артық көрсетіліп, соның есебінен аштан қырылғандар саны әдейі азайтылып көрсетіледі. Мысалы, Роберт Конквест 200 мың қазақ Батыс Қытайға өткен десе, ресейлік тарихшылар Ю.А. Поляков, В.Б. Жиромская және И.Н. Киселев бұл көрсеткішті 1,3 миллион адамға дейін жеткізеді. Алайда, Талас Омарбеков олардың бұл мәліметтерді нақты негізсіз тым асырып

көрсететінін және бұл тәсіл арқылы ашаршылықтың нағыз құрбандарының санын кемітуге жол беріліп отырғанын ескертеді. Осылайша, ашаршылық тақырыбы – тек тарихи фактілер ғана емес, сонымен қатар идеологиялық және саяси астары бар күрделі мәселе болып отыр. Сондықтан бұл оқиғаға қатысты деректерді зерттеу кезінде аса мұқият болу қажет» (Омарбеков, 2015).

1930 жылдардағы ашаршылық – қазақ халқының басынан кешкен ең ауыр, қасіретті тарихи кезеңдердің бірі. Бұл зұлмат жылдары қазақ халқының бір бөлігі туған жерінде аштықтан қырылып, тірі қалғандары аман қалу үшін босып кетуге мәжбүр болды. Бұл тарихи шындық бүгінде архивтік құжаттармен де, ауызша тарихи жадымен де дәлелденіп отыр.

Аштық пен қуғын-сүргіннен құтылу үшін қазақтар көршілес елдерге үдере көшті. Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола және Павлодар облыстарының халқы негізінен Ресейге қарай босып кетті. Ал Шығыс Қазақстан, Семей, Жетісу және Алматы облыстарының жұрты Қытай мен Қырғызстанға өтті. Қазақстанның оңтүстігін мекендеген ел Өзбекстан мен Түрікменстан арқылы Ауғанстан және Иранға дейін жетті. Маңғыстау мен Ақтау өңірінен кеткендер Түрікменстанға, әрі қарай Иранның солтүстігіне қоныс аударды.

Бүгінде осы елдерде өмір сүріп жатқан қазақ диаспоралары – сол босқындардың ұрпақтары. Олардың арасында рулық құрамын, шыққан өңірін анықтауға болатын нақты шежірелік деректер мен ауызша әңгімелер мол.

Қытайға өткен қазақтардың көпшілігі Шығыс Қазақстан, Семей, Жетісу және Алматы өңірлерінен болды. Олардың арасында арғын, найман, керей, уақ, албан, суан, қаңлы, жалайыр болды. Әсіресе шекараға жақын орналасқан найман, керей, уақ, албан және суан рулары саны басым болды.

Сонымен 1930–1933 жылдары Қытайдың Шынжаң өңіріне босып барған қазақтар мәселесін зерттеу аса ауқымды әрі күрделі тақырып. Бұл мәселенің тарихи тамырын қазақтың бұған дейінгі өткен тарихымен, соның ішінде қазақтардың тарихи этнотерриториясы мәселесімен, қазақтың мемлекетілігінің жойылуы мен біртұтас Қазақ хандығының елі мен жерінің екі алып империяның арасында телімге түсіп, біртұтас халықтың империяларға тәуелді болу сынды тарихымен байланысты қарастыруға тура келеді.

Соңғы ғасырларда «Шынжаң» деп атала бастаған бұл өлке өткен тарихи кезеңдерде қазақтың этнотерриториясымен тығыз қатысты болатын. XVIII ғасырдың 50 жылдарында Қытайда билік жүргізіп отырған мәнжулердің Цин патшалығы үкіметінің Жоңғар хандығын жаулап алуы мен оны бір жолата жою әрекетінің сәтті аяқталуы Қазақ хандығы мен Қытайдың Цин империясының шекарасын Жоңғар хандығы аумағында түйістірді. Осыдан кейінгі ғасырда аймақта орын алған күрделі тарихи себептерге байланысты қазақтың бір тұтас елі мен жері патшылық Ресей мен Қытайдың Цин патшылығының құрамына енді. XIX ғасырдың 60 жылдары телімге түскен қазақтың елі мен жерінің тағдыры екі империя ресми түрде қол қойған құжаттармен бекітіліп, шекара сызығы сызығы. Осыдан бастап бір тұтас ұлт бөлініп жарылған «Қытай қазағы», «Ресей қазағы» (Орыс қазағы немесе «орыс елі») атауы деген атау құжаттардан бой көрсете бастады әрі халық арасында орныға бастады.

Дегенмен, қазақ халқының екі алып елге тәуелді болу тарихының басталуы екі елге тәуелді қазақтардың арасындағы тарихи тамырластық пен байланыстарды бірден үзе алған жоқ еді. Аталған мәселе бойынша тарихшы ғалымдар пікіріне жүгінер болсақ: Қытай мен Ресейге тәуелді болған Шынжаң мен Қазақстанда тұрып жатқан қазақтар, өздерінің екі басқа елдің үстемдігіне тұрғанына қарамастан, өздерінің дәстүрлі байланыстарын үздіксіз жалғастырып отырды. Олар шекара тартылған алғашқы кезден-ақ бір-біріне қыдырып барып-келіп жатты. Сондай-ақ олардың барыс-келістері жұмыс сапарына ұласып жатты. Дегенмен қазақтар өзара ұлттық байланыстарды үзбеу үшін бір-бірімен құда үстіне құда болып «сүйек жаңғыртып» отырды. Олардың арасында сондай тарихи дәнекерлік сақталғандықтан, өзара байланыстары барған сайын нығая түсті. Сонымен екі елдегі қазақтар

жұмыс іздеу мақсатымен шекараның арғы-бергі бетіне өтіп-келіп, айлап, жылдап жұмыс істеушілер көбейді. Сонымен екі елдегі қазақтардың байланысы дами түсті, – деп жазды Н. Мұқаметханұлы (Мұқаметханұлы, 2024: 191).

Мұндай байланыстар кейінгі кезде Ресей империясы мен Кеңестер Одағы дәуірінде қазақстандық қазақтардың басына нәубет орнаған тұста ұрпақ пен ұлт болашағы үшін жан сауғлап Шынжаңға босып баруының тарихи негізінің бір себебі болған еді.

Шынжаңға қоныс аударған қазақтардың онда барғаннан кейінгі тағдыры әрине керемет болды дей алмаймыз. Босқынның аты босқын. Олар түрлі қиындықтарды бастан кешті. От басы мүшелерінің тоз-тозы шықты. Бір-бірінен тірідей айрылып, өмір бойы шерменде күн кешті. Дегенмен Шынжаңға босқын болып барған қазақтардың ол жаққа жеткендері арасында жаппай ашаршылыққа ұшырап қырылып қалғаны туралы мәлімет кездеспейді.

1930-1933 жылдары Қазақстанда орын алған алапат ашаршылықта Шынжаңға қанша қазақ босып барды? Бұған дейінгі зерттеулерге қарайтын болсақ: 1930 жылы Қытайға 15 мың 302 қазақ өткен болса (олардың 3 510 – байлар, 5039 – орташалар, 40463 – кедейлер, 2290 – колхозшылар), ал 1931 жылы Қытайға өткендер 36 965 адам (олардың 7542 – байлар, 3606 – орташалар, 14 840 – кедейлер, 8469 – колхозшылар) екенін көреміз. Яғни екі жылда Қытайға өткендер саны барлығы – 49 мың 759 адамды құрайды. Осыларды және 1932 жылы шекарадан өткендерді және шекара бойындағы қарулы қақтығыстарда қайтыс болғандарды қосып есептейтін болсақ, Қытайға өткен қазақтардың санын 70 мыңның айналасы деп көрсетер едік, – делінеді (Омарбеков, 2015).

Соған қарамастан бұл көрсеткіш анан әрі тереңдей зерттеуді қажет ететін еді. Өкінішке қарай көрсетілген кезеңдегі Шынжаң қазақтарының саны және ашаршылық жылдары онда барған босқындардың саны туралы қытай тарапының нақты статистикалық мәліметтері тым тапшы әрі мәліметтердің сенімділігі де күдік-күмән тудырады. Одан да өкініштісі сол мәліметтердің өзінің ғылыми қауымға қол жетімді болмай отыруы болатын. Ал қазірге дейінгі ҚХР тарихшылары тарапынан жасалған Қазақстан тарихына, Қытай қазақтарының тарихына қатысты зерттеулерде аталған жылдары Қазақстанда орын алған ашаршылық және ашаршылық кезінде Қытайға барған Кеңес одағы босқындары мәселесі көп қарастырылмаған.

Бізге мәлім сондай азды-көп зерттеулердің біразы нақты емес статистикалық мағлұматтарды негіз еткені байқалып отыр. Ең бастысы Қытайлық әріптестеріміздің еңбегінде сол жылдары Шынжаң халқының санында орын алған өзгерістерді қазақтардың Шынжаңға барған босқындарымен қатысты деп қарастыратыны болып саналады.

Сондай зерттеудің бірінде: 1930 жылы 15 наурызда Қазақ Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комитеті «Барлық ұжымдастырылған аудандарда ауыл шаруашылығын табысты социалистік қайта құруды нығайту және бай шаруалар мен байуға қарсы күрес шаралары туралы» қаулы қабылдап, бай шаруалар мен помещиктерді тазартуға кірісті. Помещиктер (байлар) деп аталатын көптеген адамдар өлім жазасына кесілді немесе сотталды, ал бай шаруалар жер аударылды. Ұжымдастыруды күштеп жүзеге асыру бір кездері Қазақстандағы қазақтардың басына ауыр апаттар әкелді. Дәстүрлі қоғамдық шаруашылық жасанды түрде өзгертілгендіктен, халықтың негізгі күн көріс көзі болған мал шаруашылығы жойылды. 1928 жылы Қазақстанда барлығы 6,5 миллион ірі қара, 18,6 миллион қой, 3,5 миллион жылқы, 1 миллион түйе болды. Ұжымдастыру күштеп жүзеге асырылғаннан кейін 1932 жылға қарай 965 мың ірі қара, 1,3 миллион қой, 300 мың жылқы, 60 мың түйе ғана қалды, – деген мәліметтерді берген (Хао Вэньмин, 2000: 121).

Келесі бір қытай тарихшысы «Сол жылдары Қазақстанда алапат ашаршылық болып, 6 миллион адамның 1,7 миллионы аштықтан қырылып, 1 миллион адам Қазақстаннан басқа елдерге көшіп кеткен, оның ішінде 600 мың адам Қытайға, Иранға, Ауғанстанға босып кеткен» деп жазды (Ван Шилун, Ван Цзинго, 2004: 124).

Көптеген тарихи шындыққа жүгінер болсақ осында айтылған «600 мың адамның» көбі Шыңжаңға босып барғаны белгілі бола түседі.

Фан Жоюй есімді ғалым 2005 жылы жариялаған зерттеуінде: Ұлттық үкіметтің Ішкі істер министрлігінің статистикалық мәліметтері бойынша 1928 жылдан 1932 жылға дейінгі төрт жылда Іле, Тарбағатай және Алтайды қоныстанған әртүрлі ұлт өкілдерінің саны 276 мың адамнан 620 мың адамға дейін күрт артып, төрт жыл ішінде таза өсім 1,25 есеге жеткенін көрсете отырып, мұндай өсім көрсеткішінде орын алған өзгерістің басты себебін 1930 жылдары қазақ халқының халықаралық көші-қонымен тіке байланысты болды» – деп қарастырған (Фан Жоюй, 2005: 77).

Қытай тарихшылары қазақ тарихы туралы жазған монографиялық зерттеулердің бірінде Шыңжаңның Алтай аймағын қоныстанған қазақтардың халық саны туралы тоқталған кезде: Алтай – қазақтар көп қоныстанған жер. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Цин патшалығы кезінде (1912 жылға дейін) бұл аймақта 13 мыңнан астам отбасы болса, император Гуансюй билігінің 33-ші жылы (1907 жылы) 50 мыңнан астам адам болған. 1919 жылға қарай бар болғаны 7200-ден астам отбасы және 36000-нан астам адам қалған. 1943 жылға жеткенде аймақтағы халқының саны 63040- адамға өскен. Оның 53352-сі қазақтар болды (Ван Шилун, Ван Цзинго, 2004: 76).

Біз Шыңжаңдағы Алтай қазақтардың аталған жылдары аймақта аумалы-төкпелі заманның орнауына байланысты, Моңғолияға, Шыңжаңның шығысындағы аудандарға, Гансу және Цинхай провинцияларына, Тибетке, одан әрі Кашмир мен Индияға көп мөлшерде босып кеткенін білеміз. Осындай тарихи жағдайды ескере отырып Шыңжаңның Алтай аймағындағы қазақтардың жан-саны туралы 1943 көрсеткішті өткен ғасырдың 30 жылдарындағы қазақстандық босқындар есебінен артқан дей аламыз.

Шыңжаң қазақтарының аталған кезеңдегі тарихы мен жан-саны туралы тоқталғалған ҚХР ғалымдары «Шыңжаңды Ян Цзэнсин, Цзинь Шужэнь, Шэн Шицай және Гоминдан үкіметі билеген кезеңде қазақ халқы адам төзгісіз езгіге ұшырап, жат жерлерге босып, қаңғып кетті. Олар Шыңжаң ішінде көшіп-қонумен қатар, Гансу, Цинхай, Тибет, Үндістан, Пәкістан, Ауғанстан, Түркия, Федеративті Германия және басқа елдерге қоныс аударды. Осы көші-қон кезінде қазақ халқының саны күрт азайды. Қытай Республикасының 15-ші жылы (1926 ж.) Қазақтардың саны 40 000 отбасы, яғни 200 000-ға жуық халық болды, – деп жазды (Ван Шилун, Ван Цзинго, 2004: 75).

Аталған автор 1940 жылдарға жеткенде бұл бұл көрсеткіштің арта түскенін көрсетіп «1944 жылға қарай Шыңжаңдағы қазақтар 430 мыңнан астам адамға жетіп, қазіргі Қытайдағы ең маңызды трансұлттық этникалық топтардың біріне айналды. Сондай-ақ олар Шыңжаңдағы ұйғырлардан кейінгі екінші үлкен халық саналды» деп жазды (Ван Шилун, Ван Цзинго, 2004: 61).

Шыңжаң қазақтары санының осы көрсеткіштегі өзгерістерін 1930-1933 жылдағы қазақстандық босқындармен қатысты деп қарауға болады.

Өткен ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанда орын алған келеңсіз оқиғалар кезінде Шыңжаңға босып барған қазақтар туралы, босқын қазақтардың саны туралы зерттеулердің кейбірі 1930 жылдардың алдындағы қазақ көші-қонына қатысты болып келеді. Сондай еңбектердің бірінде: 1916 жылы Орта Азияда патшалық Ресейдің отаршылдығына қарсы ұлтазақтық күрестен кейін бұрынғы Ресейдің Орталық Азиядағы әртүрлі этникалық топтарынан 200 мыңнан астам адам Шыңжаңға босып келді. Олардың басым бөлігі қазақтар болды. Олардың көп санды тобы тыныш әрі әлеуметтік жағынан тұрақты Іле өңірін қоныстанып қалды (Хүр Таңіртағ, 2016: 109-110) деп жазған.

Зерттеу нәтижелері

Ашаршылыққа қатысты шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне ғылыми шолу жасалып, салыстырмалы талдау ұсынылды; Жаңа ауызша және жазбаша деректер

ғылыми айналымға енгізілді, тарихи жад пен ұлттық зердені қалыптастыруға ықпал ететін материалдар жинақталды. Қазақстандағы ашаршылықтың саяси-экономикалық, демографиялық, әлеуметтік салдарлары туралы жаңа көзқарастар қалыптасты; Ашаршылық құрбандарының саны туралы түрлі мәліметтердің сақталуын алға тарта отырып, ашаршылық құрбандары туралы бұған дейінгі көрсеткішті нақтылау керектігі айтылды; Қытай мен шекаралас елдерге босқан қазақтар туралы естеліктер мен куәліктер алғаш рет кешенді зерттелді; Қытай архивтері, мерзімді баспасөзі және статистикалық деректері арқылы қазақ диаспорасының қалыптасуы мен өмір сүру ерекшеліктерінің кей мазмұны анықталды; Қазақстанның барлық облыстары мен қалаларында аға буын өкілдерімен сауалнама және терең сұхбат жүргізу, ашаршылық кезеңінің тікелей куәгерлері мен олардың ұрпақтарының естеліктерін жинау Қазақстан тарихының аталған дәуірдегі тарихи деректер қорын байытумен бірге, сондай-ақ сол деректер негізінде жаңа ғылыми пікір қалыптастырудың мүмкіндігі бар екенін қарастырды; Қазақ диаспорасы өкілдері арасындағы мәжбүрлі босқындардың ұрпақтарынан алынған мәліметтерді пайдалану шетелдегі, соның ішінде Қытайдағы диаспораның қалыптасуы туралы нақты тарихи болымысты айқынтауда маңызды екенін ортаға салды.

Қорытынды

Ресей империясы мен кеңестік билік қазақ халқына төндірген әлеуметтік-экономикалық және саяси қысымдары XX ғасырдың басында қазақтардың іргелес мемлекеттерге жаппай қоныс аударуына негізгі себептердің бірі болды. Бұл тарихи кезеңде орын алған босқын кезінде қазақстандық қазақтар өздері барған Шынжаңдағы қандас туыстарының қатарына қосылып, олардың көмегіне ие болды. Сондықтан олардың жағдайы этникалық қазақтар мекендемеген бөтен елдерге босып кеткен тағдырластарына қарағанда әлдеқайда қолайлырақ болды.

Шынжаңға қоныс аударған қазақ босқындарының саны ауқымды болды. Бірақ Қытайдағы қазақтардың саны туралы статистикалық мәліметтердің нақты болмауы онда 1930-1933 жылдары аралығындағы ашаршылықта босқындардың санының анықтауға мүмкіндік бермей отыр. Бұл жағын біз аталған жылдары Шынжаң қазақтарының санының күрт артуы сынды өзгерістерге қарап межелейміз.

Өткен ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанда орнаған зұлыматтарға байланысты қазақтардың ата-мекенінен ауып кетуі қазақ тарихындағы қасіреттердің бірі саналады. Олардың Шынжаңға босып барып, алапат аштықтан аман қалғаны – көңілге медеу болатындай.

Қазақ халқы «Елге ел қосылса – құт» деп есептейді. Осы тұрғыдан алғанда, Шынжаңға барған қазақ босқындары ондағы этникалық қазақтарға құт болып қонғандай. Ең алдымен, Қазақстаннан келген қазақтардың жаппай қоныс аударуы Шынжаңдағы қазақтардың санын едәуір арттырды, әрі бұл үдеріс олардың сапалық деңгейінің көтерілуіне де ықпал етті. Қазақстан қазақтары Ресей империясы мен Кеңес өкіметінің құрамында болған кезде жинаған білімін, тәжірибесін өзімен бірге ала келді. Атап айтқанда, босқындардың арасында жоғары білімді, көзі ашық азаматтар аз болмады. Олардың белсенділігі нәтижесінде Шынжаңда ауыл мектептері ашылып, оқу-ағарту ісі жандана түсті. Бұл жағдай Шынжаңдағы қазақ зиялыларының алғашқы буынының қалыптасуына серпін берді.

Қазақстаннан барған қазақтардың осы үлесі Шынжаң қазақтарының өзге этностармен салыстырғанда мәдени әрі ой-саналық жағынан алда болуына негіз қалады. Соның нәтижесінде қазақтар сауаттылық деңгейі мен қоғамдық белсенділік тұрғысынан басқа халықтардан оқ бойы озық шықты.

Сонымен қатар, Қазақстаннан барған қазақтар Кеңес Одағында игерілген ауыл шаруашылық техникасы мен құрал-жабдықтарын меңгеріп, оларды Шынжаңға да енгізе бастады. Бұл құралдарды жергілікті қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне енгізуі – олардың

шаруашылық және әлеуметтік өмір сапасына әсерін тигізді. Шынжаңдағы қазақ ауылдары арасында сауда-саттық, сондай-ақ кәсіптің жаңа түрлері дамыды. Босқындардың елеулі бөлігі жер өңдеумен айналысты және ұлттық өміршеңдік феноменінің арқасында қазақ жұрты өзге әлеуметтік-мәдени ортаға тез бейімделіп, аман қалды.

Ресей империясы мен кеңестік биліктің қазақ халқына жүргізген қатыгез саясатының салдарынан қазақстандық қазақтардың бірінен соң бірі Шыңжаңға босып баруы – ондағы жергілікті қазақтардың патшалық Ресей мен оның жалғасы іспетті кеңестік тоталитарлық жүйенің шынайы табиғатын тереңірек ұғынуына тарихи сабақ болды.

Әдебиеттер:

1930–1933 жылдардағы ашаршылық, 2024 – 1930–1933 жылдардағы ашаршылық: Әулие ата өңірі бойынша нәубет куәгерлері мен ұрпақтарының алынған сұхбат материалдарының жинағы. Көптомдық. I том. Алматы: Радуга, 2024.; 1930–1933 жылдардағы ашаршылық: Алматы облысы бойынша нәубет куәгерлері мен ұрпақтарының алынған сұхбат материалдарының жинағы. Көптомдық. II том. Алматы: Радуга, 2024. – 336 б.

Nevins, 1932 – *Nevins, A. Grover Cleveland: A Study in Courage* / A. Nevins. – New York: Dodd, Mead & Company, 1932. – 832 p.

Pianciola, 2004 – *Pianciola N. Famine in the steppe. The collectivization of agriculture and the Kazak herdsmen 1928–1934* // *Cahiers du monde russe*. – 2004. – Vol. 45, № 1–2. – P. 137–192.

Conquest, 1986 – *Conquest R. The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-Famine*. – Oxford, 1986. – P. 306.

Olkott, 1981 – *Olkott M.B. The Collectivization Drive in Kazakhstan* // *Russian Review*. – 1981. — Vol. 40, № 2. – P. 122–142.

Cameron, 2010 – *Cameron S. The Hungry Steppe: Soviet Kazakhstan and the Kazakh Famine, 1921–1934*. – New Haven, 2010.

Wheatcroft, 2014 – *Wheatcroft, Heatcroft S.G. Голод в Казахстане и на Украине // Голод 1930-х годов в Украине и Казахстане: Вопросы историографии и подходы к исследованию проблемы (к 80-летию трагедии)*. – Астана, 2014. – С. 178–190.

Абдулина, 2021 – *Абдулина А.Т. Воспоминания очевидцев о голоде 1930-х гг. в Казахстане: вопросы источниковедения и отражение повседневности* // *Отан тарихы*. – 2021. – № 3 (95). – С. 92–100.

Абылхожин, Козыбаев, Татимов 1989 – *Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахстанская трагедия // Вопросы истории*. 1989. № 7. С. 53–71.

Асылбеков, 1991 – *Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917–1980)*. – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 192 с.

Ван Шилун, Ван Цзинго, 2004 – *Ван Шилун, Ван Цзинго, Қазақтың трансұлттық этникалық әлеуметтік мәдениеті туралы салыстырмалы зерттеу*. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 2004. – 313 б. (王希隆、汪金国. 哈萨克跨国民族社会文化比较研究. 北京: 民族出版社, 2004 年. – 313 页).

Камерон 2020 – *Камерон С., Голодная степь: голод, насилие и создание Советского Казахстана / пер. с англ. А. Терещенко*. – М.: НЛЮ, 2020. — 360 с.

Козыбаев, Абылхожин, Алдажуманов, 1992 – *Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства*. – Алма-Ата, 1992. – 36 с.

Корнилов, 2023 – *Корнилов Г.Е. Голод в Казакской АССР в 1930-е гг.: историографический дрейф* // *Новейшая история России*. – 2023. – Т. 13, № 1. – С. 99–121. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/golod-v-kazakskoy-assr-v-1930-e-gody-istoriograficheskiy-dreyf>

ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 6403-іс.

Мұқаметханұлы, 2024 – *Мұқаметханұлы Н.* Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860–1920 жж.). – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 330 б.

Омарбеков 2011 – *Омарбеков Т.*, Голодомор в Казахстане: причины, масштабы и итоги (1930–1933 гг.): Хрестоматия. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 203 с.

Омарбеков 2021 – *Омарбеков Т.*, Ашаршылық. Голод: документальная хроника. Сборник документов. Т. 1: 1928–1929 / отв. ред. Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы: Атамұра, 2021. – 920 с.

Омарбеков, 2015 – *Омарбеков Т.*, Түркістан. 1931–1933 жылдардағы ашаршылық қарсаңында қазақ халқы қанша еді. — 28 мамыр, 2015 ж. URL: <https://turkystan.kz/article/4334-1931-1933-zhyldarda-y-asharshyly-arsa-ynda-aza-hal-y-ansha-edi> (қаралған күні: 20.04.2025).

Татимов, 1989 – *Татимов М.Б.* Социальная обусловленность демографических процессов. – Алма-Ата, 1989. – 128 с.

Фан Жоюй, 2005 – *Фан Жоюй.* Шыңжаңдағы қазақтардың халық саны, миграция және қоныстануы // Синьцзян университетінің журналы. – 2005. – Т. 33, № 4. – 74-80 бб. (房若愚. 「新疆哈萨克族人口规模变迁及分布」 // 新疆大学学报 (哲学社会科学版). 第 33 卷第 4 期, 2005 年 7 月. – 74-80 页).

Хао Вэньмин, 2000 – *Хао Вэньмин.* Қытаймен көршілес елдеріндегі ұлттар және онда атқарылған саясат / ред. 郝文明. – Пекин: Ұлттар баспасы, 2000. – 517 б. 郝文明 主编. 中国周边国家民族和政策. 北京: 民族出版社, 2000. – 517 页.

Хүр Таңіртағ, 2016 – *Хүр Таңіртағ* (Hür Tangritagh). Шығыс Түркістан – Ұйғырлардың шынайы әлемі. – Тайпей: Цяньвэй баспасы, 2016. 416 б. (霍尔. 唐日塔格 (Hür Tangritagh). 东突厥斯坦 — 维吾尔人的真实世界. 台北: 前卫出版社, 2016 年. 页 416.

References:

1930–1933 jıldardaғы ашаршылық, 2024 – 1930–1933 jıldardaғы ашаршылық: Äwlie ata öñiri boyınşa näwbet küägerleri men urpaqtarınıñ alynğan süxbat materialdarınıñ jınağı. Köptomdıq. I tom. – Almatı: Raduga, 2024.; 1930–1933 jıldardaғы ашаршылық: Almatı oblısı boyınşa näwbet küägerleri men urpaqtarınıñ alynğan süxbat materialdarınıñ jınağı. Köptomdıq. II tom. – Almatı: Raduga, 2024. – 336 b. (in Kaz).

Abdulina, 2021 – *Abdulina A.T.*, Vospominaniya o čevıdtsev o golode 1930-x gg. v Kazakhstane: voprosy istočnikovedeniya i otraženie povsednevnosti // Otan tarihy. – 2021. – № 3 (95). – S. 92–100. (in Rus).

Abylkhozhin, Kozybaev, Tatimov, 1989 – *Abylkhozhin Zh.B., Kozybaev M.K., Tatimov M.B.* Kazakhstanskaya tragediya // Voprosy istorii. – 1989. – № 7. – S. 53–71. (in Rus).

Asylbekov, Galiev, 1991 – *Asylbekov M., Galiev A.B.* Sotsial'no-demograficheskie protsessy v Kazakhstane (1917-1980). – Alma-Ata: Gylım, 1991. – 192 s. (in Rus).

Fang Ruoyü, 2005 – *Fang Ruo yü.* Şyñjañdaғы qazaqtardıñ xalq sanı, migratsiya jäne qoñystanuı // Sin'tszyan universitetiniñ jurnalı. – 2005. – Т. 33, № 4. – 74–80 bb. (房若愚. 「新疆哈萨克族人口规模变迁及分布」 // 新疆大学学报 (哲学社会科学版). 第 33 卷第 4 期, 2005 年 7 月. – 74-80 页). (in Chin).

Hao Wenming, 2000 – *Hao Wenming.* Qıtaymen körşiles elderindegi ulttar jäne onda atqarılğan sayasat / red. 郝文明. – Pekin: Ulttar baspası, 2000. – 517 b. (郝文明 主编. 中国周边国家民族和政策. 北京: 民族出版社, 2000. – 517 页). (in Chin).

Hür Tangritagh, 2016 – *Hür Tangritagh* (Hür Tangritagh). Şıǵıs Türkistan – Uyǵurlarınıñ şınayı alemin. — Taıpey: Tsyanwei baspısı, 2016. 416 b. (霍尔. 唐日塔格 (Hür Tangritagh). 东突厥斯坦 — 维吾尔人的真实世界. 台北: 前卫出版社, 2016 年. 页 416. (in Chin).

Kameron, 2020 – Kameron S. Golodnaia step': golod, nasilie i sozdanie Sovetskogo Kazakhstana / per. s angl. A. Tereşçenko. – M.: NLO, 2020. – 360 s. (in Rus).

Kornilov, 2023 – Kornilov G.E. Golod v Kazakhskoy ASSR v 1930-e gg.: istoriograficheskiy dreyf // Noveishaya istoriya Rossii. – 2023. – T.13, № 1. – S.99–121. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/golod-v-kazakskoy-assr-v-1930-e-gody-istoriograficheskiy-dreyf> (in Rus).

Kozybaev, Abylkhozhin, Aldazhumanov, 1992 – Kozybaev M.K., Abylkhozhin Zh.B., Aldazhumanov K.S. Kollektivizatsiya v Kazakhstane: tragediya krestyanstva. – Alma-Ata, 1992. – 36 s. (in Rus).

Muqametkhanuli, 2024 – Muqametkhanuli N. Qıtaydağı qazaqtardıń qoǵamdyq tarıxı (1860–1920 jj.). — Almatı: Qazaq universiteti, 2024. – 330 b. (in Kaz).

Nevins, 1932 – Nevins, A. Grover Cleveland: A Study in Courage / A. Nevins. – New York: Dodd, Mead & Company, 1932. – 832 p. (in Eng).

Omarbekov, 2015 – Omarbekov T., Türkistan. 1931–1933 jıldardaǵı aśarşılıq qarsańynda qazaq halqy qanşa edi. – 28 mamyr, 2015 j. URL: <https://turkystan.kz/article/4334-1931-1933-zhyldarda-y-asharshyly-arsa-ynda-aza-hal-y-ansha-edi> (qaralǵan kúni: 20.04.2025). (in Kazakh).

Omarbekov, 2021 – Omarbekov T., Aśarşılıq. Golod: dokumental'naia hronika. Sbornik dokumentov. T. 1: 1928–1929 / otv. red. B. Äbdigaliuli. – Almatı: Atamura, 2021. – 920 s. (in Rus).

Pianciola, 2004 – Pianciola N. Famine in the steppe. The collectivization of agriculture and the Kazak herdsmen 1928–1934 // Cahiers du monde russe. – 2004. – Vol. 45, № 1–2. — P. 137–192.

Conquest, 1986 – Conquest R., The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-Famine. – Oxford, 1986. – P. 306. (in Eng).

Olkott, 1981 – Olcott M.B., The Collectivization Drive in Kazakhstan // Russian Review. – 1981. – Vol. 40, № 2. – P. 122–142. (in Eng).

Cameron, 2010 – Cameron S., The Hungry Steppe: Soviet Kazakhstan and the Kazakh Famine, 1921–1934. – New Haven, 2010. (in Eng).

Wheatcroft, 2014 – Wheatcroft S.G. Golod v Kazakhstane i na Ukraine // Golod 1930-kh godov v Ukraine i Kazakhstane: Voprosy istoriografii i podkhody k issledovaniyu problemy (k 80-letiyu tragedii). – Astana, 2014. – S. 178-190. (in Rus).

QR PA. 141-q. 1-t. 6403-is. (in Rus).

Tatimov, 1989 – Tatimov M.B., Sotsial'naya obuslovlennost' demograficheskikh protsessov. – Alma-Ata, 1989. – 128 s. (in Rus).

Wang Xilong, Wang Zhiguo, 2004 – Wang Xilong, Wang Zhiguo. Qazaqtıń transulttıq etnikalıq älewmettik mädenieti turalı salıstırmalı zertteu. – Beyjiń: Ulttar baspası, 2004. – 313 b. .(王希隆、汪金国. 哈萨克跨国民族社会文化比较研究. 北京: 民族出版社, 2004年. – 313 页). (in Chin).

¹Дюсенова Н. ²Ошан Ж.

^{1,2} Институт Истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан
E-mail: ¹ nur_sulu18@mail.ru, ² zhan918@mail.ru

НАЦИОНАЛЬНАЯ ТРАГЕДИЯ И ПРИГРАНИЧНОЕ ПЕРЕСЕЛЕНИЕ: КАЗАХСКАЯ МИГРАЦИЯ В СИНЬЦЗЯН В 1930-Х ГОДАХ

Аннотация. Основная цель работы – изучение исторических событий массового голода 1931–1933 годов через воспоминания очевидцев, их потомков и представителей казахской диаспоры, а также введение в научный оборот новых архивных и устных данных. Методы исследования – проведение опросов и интервью, архивное исследование, анализ

литературных, критических и исторических источников, цифровизация и создание базы данных, сравнительный анализ, а также изучение трудов на китайских языках. Научная новизна заключается во включении в научный оборот интервью с потомками казахов, переселившихся в Китай во время голода 1931–1933 годов, и архивных данных. Анализ китайских архивных документов — административных бумаг, пограничного контроля и миграционных отчетов — позволяет выявить особенности миграции беженцев и условия их жизни. Уточнение региональных исторических связей способствует всестороннему пониманию историко-этнических и пограничных отношений между Казахстаном и Китаем. Использование казахоязычной периодики позволяет изучить общественное мнение и информационное пространство 1930–1950-х годов. Трансмеждународный исторический опыт рассматривает жизнь, сохранение культуры и религии казахов, переселившихся в Китай во время голода, с точки зрения транснациональных исторических процессов. В результате исследования: новые архивные и устные данные по периоду голода введены в научный оборот; впервые комплексно использованы воспоминания потомков жертв голода и исторические свидетельства; историко-этнические связи между Казахстаном и соседними странами дополнены конкретными данными.

Благодарность: «Подготовка серии воспоминаний очевидцев и их потомков о массовом голоде в Казахстане 1931–1933 годов».

Ключевые слова: Казах, коллективизация, голод, беженцы, Китай, Синьцзян, потомки очевидцев голода.

¹ Dyusenova Nursulu, ² Oshan Zhanymkhan

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹ nur_sulu18@mail.ru, ² zhan918@mail.ru

NATIONAL TRAGEDY AND BORDER RESETTLEMENT: KAZAKH MIGRATION TO XINJIANG IN THE 1930S

Abstract. The main purpose of the work is to study the historical events of the mass famine of 1931-1933 through the memories of eyewitnesses, their descendants and representatives of the Kazakh diaspora, as well as the introduction of new archival and oral data into the scientific turnover. Research methods - surveys and interviews, archival research, analysis of literary, critical and historical sources, digitalization and creation of a database, comparative analysis, as well as the study of works in Chinese languages. Scientific novelty lies in the inclusion of interviews with descendants of Kazakhs who moved to China during the famine of 1931-1933 and archival data. The analysis of Chinese archival documents - administrative papers, border control and migration reports - allows revealing the peculiarities of refugees' migration and their living conditions. Clarification of regional historical connections contributes to a comprehensive understanding of historical-ethnic and border relations between Kazakhstan and China. The use of Kazakh-language periodicals makes it possible to study public opinion and information space of the 1930s-1950s. Trans-international historical experience examines the life, cultural and religious preservation of Kazakhs who moved to China during the famine from the perspective of transnational historical processes. As a result of the study: new archival and oral data on the famine period are introduced into the scientific turnover; for the first time, memories of descendants of famine victims and historical evidence are used comprehensively; historical and ethnic ties between Kazakhstan and neighboring countries are supplemented with specific data.

Acknowledgments: 'Preparation of a series of memoirs of eyewitnesses and their descendants about the mass famine in Kazakhstan in 1931-1933'.

Key words: Kazakh, collectivization, famine, refugees, China, Xinjiang, descendants of eyewitnesses of the famine.

Авторлар туралы мәлімет:

Нұрсұлу Кенебайқызы Дюсенова, т.ғ.к., Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан

Ошан Жанымхан, т.ғ.к., Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан

Информация об авторах:

Дюсенова Нурсулу Кенебаевна, к.и.н., Институт Истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан

Жанымхан Ошан, к.и.н., Институт Истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан

Information about authors:

Dyusenova Nursulu Kenebayqyzy, candidate of historical sciences, Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan

Zhanimkhan Oshan, candidate of historical sciences, Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan